

**Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназиясында 2021 – 2022 оқу жылы
сыныптан тыс уақытта жүргізілетін үйірме жұмыстары туралы**

Анықтама

2021 – 2022 оқу жылы №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназиясында мектепшілік 12.03.2021ж.№75 бұйрығына сәйкес оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, іскерлік пен әдептілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында мектепте спорт секциялары мен үйірмелер ашылып, жұмыстар жүргізілуде. Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының кестесі мен іс – шаралары түзіліп, бекітілді.

Мақсаты: Оқушылардың сыныптан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру.

Міндеттері: Алған білімдерін ары қарай дамытуға мүмкіншілік жасау, оқушының қоғамдылық белсенділігін арттыру.

Биыл 2021 – 2022 оқу жылында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жалпы аудандық және мектепшілік үйірмелерге 502 оқушы қамтылды.

2021 – 2022 оқу жылының мектепшілік үйірмеге қамтылған оқушылар саны

Мектепшілік үйірме саны – 15, оған қатысатын оқушылар саны – 302

Мектептен тыс үйірмелерге – 200 оқушы қатысады.

Мектепшілік үйірме кестесі түзіліп, жоспары бекітілген. Жауапты үйірме жетекшілері, түзілген кестеге сәйкес жұмыстарын жүргізуде.